



# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Бірінші дүниежүзілік соғыс және  
революция



Бұл дәрісімізде біз Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы әлем қандай болды, оның алғышарттары қандай еді деген сауалдарға жауап аламыз.

1913 жылға таман Еуропа әлемнің ең бай, урбанизацияланған және индустриалдық тұрғыда дамыған бөлігіне айналды. Жер шарының әрбір төртінші адамы Еуропа континентінде өмір сүрді. 2,5 миллион шаршы шақырым аумақта орналасқан 8 мемлекет (Ұлыбритания, Франция, Германия, Бельгия, Нидерланд, Италия, Португалия мен Испания), Жер шарының үштен бірінен асатын бөлігін 55000 миллион шаршы шақырым аумақты бақылауында ұстады. («Үлкен Еуропаның» бөлігі ретінде бұған Ресей мен АҚШ-ты қоссақ, бұл көрсеткіш 60%-ды құрайды).

Индустрия мен ауылшаруашылық өндірісі 1873 жылы едәуір құлдырады және бұл құлдырау бірнеше жылға созылды. Керісінше, 1896 жылы энергияның кең таралу кезеңі басталды және 1914 жылға дейін үзіліссіз жалғасты. Батыс Еуропа мен Құрама Штаттарда табиғи отын индустриясы өркен жайып, көбейді, корпоративті кәсіпорындар анағұрлым көп өсті және маңызды индустрияландыру бірінші рет Нидерланд, Скандинавия, Италия, Ресей мен Жапонияда қалыптасты.

Бес жылдан кейін биліктің барлық сыртқы атрибуттарын сақтағанмен (халық, экономика, отарлар т.б.), Еуропаның ішкі өзегі қақ айырылды. Әрине, Еуропа империализмінің жақын арада құрайтыны туралы ешкім ашық айтпаса да, құрлықтың үстінде байырғы керемет кезеңнің «тоқмейілсіген» көңілінен ада жаңа рухтың қалықтап жүргені сезілді. Еуропаның шығыс шегарасында кеңестік ұлттық республикалардың квазифедеративті мемлекеті – КСРО-ның пайда болуы жаңа рухтың нақты көрінісі болды. Бұл жаңа мемлекет дүниежүзілік революцияны іске асырмаса да батыстық тәртіпті түбегейлі өзгертуге бел буған болатын.

Еуропаның әлемдік деңгейде жағдайының күрт өзгеруі Бірінші дүниежүзілік соғыспен байланысты. Бұл қақтығыста еуропалықтар өзінің индустриялық, техникалық және демографиялық бар қуатын бір-бірін жоюға бағыттады. Бұл дәрісімізде біз замандастары Ұлы деп ат қойып кеткен I дүниежүзілік соғыс пен Орыс революциясы деп қате аталып жүрген Революция туралы айтатын боламыз.

Өткенге көз жіберсек, бұл соғыстың шығу себептері туралы айту оңай емес. Өйткені біз оны бүгінгі күн биігінен қарасақ ол өзінің барысы мен салдары тұрғысынан еш ақылға сыймайтын дүние. Әрине бұған дейін де Еуропа тарихында үстемдікке ұмтылған Еуропа елдерінің арасында да, ірі империялар мен ұлттық мемлекеттердің арасында қақтығыстар болып тұрды. Бірақ олар толығымен сыртқа шықпай әртүрлі дағдарыстарға ұласып кетіп отырды: 1880–90 жж. Ресей мен Англияның Ауған үшін бірнеше қақтығысы, 1898 ж. Суданда Англия мен Франция арасындағы Фашодтық дағдарысы, Франция мен Германия арасындағы екі Мароккандық қақтығыс және 1908 жылғы Ресей мен Австро-Венгрия арасында Босния дағдарысында көрініс тапты. Бұл әрбір дағдарысты күш пайдаланбай дипломатиялық жолмен шешілді. Шешімдердің екі жақты бірдей қанағаттандыруы сирек болатын еді. Әдетте қатысушы тараптың бірі (кейде тіпті екеуі де) өзін есесі кетіп, беделінен айырылған жақ боп сезінді. Қақтығыстардан соң орын алған уақытша қарсыласудан кейін «мұндай жағдайды ендігері болдырмау» жөнінде әрекеттер күшейе түсетін. Сондықтан да әр жолы қарсыласын қақтығысқа әкелетін қауіпті траекториядан «үркітіп» шығару үшін дүниежүзі саясаттың басты ойыншылары, соғысты қаламаса да, соған қарай қадам басқандай болады.

Еуропа мемлекеттерінің арасындағы қайшылық 1914 ж. қарай екі ірі блоктың – Германия, Австро-Венгрия мен Италияның Үштік Одақ пен Англия, Франция мен Ресей империясынан тұратын Антантаның пайда болуына әкелді.

Аталған мемлекеттердің бәрі де алдағы соғыс жоспарына енсе де, тым алысқа апаратын әрекеттерді олардан әзірше ешкім талап еткен жоқ болатын.

XX ғасыр басындағы революциялық зорлық-зомбылық сұрапыл болса да, шамамен он миллион әскери адам өлген Бірінші дүниежүзілік соғыспен салыстырғанда орташа ғана еді. Төрт жыл ішінде, күніне орта есеппен қаза тапқандар саны туралы мәлімет келтірсек: 1459 ресейлік, 1303 германиялық, 890 француз және 457 британ жауынгері.

Бұл соғысқа мемлекеттер ұзақ әрі жақсылап отырып дайындалды: жыл сайын әскери қажеттілікке арналған қаржы көлемі ұлғайтылды, әскер қатары өсіп, болашақ ұрыстар мен жорықтардың неше күнге созылатынына дейін есептелді. Әскери құрамалардың жылжу бағыты мен кестесін жасау, полктар мен дивизиялардың қатысуымен өтетін болашақ ұрыс-



тардың далалық жаттығулары сияқты стратегиялық дайындықтар өкімет пен бас штабтың іс-қимылын шектеп, өз жоспарларының тұтқынына айналдырды. Уақыт өте тотталып кеткен әскери машинаны тоқтату мүмкін болмады.

Сыртқы саяси себептерге ұлы державалардың ішкі жағдайымен байланысты факторларды да қосуға болады. Бұқаралық саясаттың нәтижесінде орын алған қайшылықтар әртүрлі топтардың арасындағы әлсіреп тұрған тұрақтылық пен әлеуметтік байланыстардың үзілуіне әкеле жаздады.

Францияда анархосиндикалистік кәсіподақтар ұйымдастырған ереуілдер етек жайды; 1912 жылы Германияда кайзер Вильгельм II-шімен «мемлекетке қарсы элементтер» деп атап кеткен социал-демократтар көп дауысқа ие болып, сонымен тоқтағысы келмеді. Ресей жаңа революцияны қарсаңында тұрды. Австро-Венгрияда автономияны талап еткен ұлттық қозғалыстар өршіді; тіпті, салыстырмалы түрде біршама тұрақты Англияның өзінде Парламентте көп күш жинаған лейбористік партия мемлекеттің үлкен бизнестің ісіне араласпау жөнінде дәстүрлі жүйені сынға алды. Мұндай жағдайда билеуші элитаның көптеген өкілдері соғысқа қоғамды таптық қайшылықтар мен ұлттық ұстанымдарға қарамастан біріктіре алатын жалғыз күш деп қарады.

1914 жылы 28 маусымда екі оқпен австриялық тақ мұрагері Франц Фердинанд пен оның жұбайы Софияның өтірілуі Балқандағы қарама-қайшылықты жалпы еуропалық соғысқа әкелген механизмді іске қосты. Австро-Венгрия Сербияға қойылған ультиматумға өзі қанағаттанарлық жауап алмағаннан соң, оған 28 шілдеде соғыс жариялады. Ресейдің бірден әрекет етіп, әскердің мобилизациясын жариялауы өз кезегінде 1 тамызда Германияның оған соғыс жариялауына әкелді. Екі майданға да соғыс жүргізуге дайын болған Германия 3 тамызда Францияға соғыс жариялап, жоспарға сәйкес Бельгияға басып кірді. Ал Бельгияның құрылуынан бері оның бейтараптығының кепілі ретінде Англия болды. Сөйтіп Англия 4 тамызда Германияға соғыс жариялады: оған ағылшын канцлері Теобальд Бетман-Гольвиг «бір жапырақ қағаз үшін!» деп қатты күйінген көрінеді. Еуропалық державалармен бірге соғысқа олардың барлық отарлары мен доминиондары қатысуы, соғысқа дүниежүзілік сипат берді.

Соғыс қимылы үш құрлық пен үш мұхитта орын алды. Орталық алаң – Еуропадағы Шығыс пен Батыс майдандар болды. Екі майдан да бұған дейін болмаған ұрысқа қатысқандардың күштердің және құрбандардың жалпы санымен ерекше көзге түсті. 1914 жылдың соңына қарай тұрақтанған Батыс майдан үш жыл бойын тактикалық тығырықтан шығып көруге тырысуы сәтсіздік пен шығынға батырды. Шығыс майдан болса, өзінің жоғарғы ұтқырлығымен ерекшеленді. Бірақ қазан революциясына дейін тараптардың ешқайсысы да шешуші басымдыққа ие бола алмады. Кең көлемді соғыс қимылдары Таяу Шығыста да жүрді, Германияның жағында болған Осман империясына Кавказда Ресеймен, Британияның отарлық әскерімен, Ирак пен Палестинадағы араб көтерілісшілерімен және Галлипольдік түбекте ағылшын, француз, австралия және жаңа зеландықтардан құралған десантпен ұрысуға тура келді. Антантаға қосылған Жапония Қытай мен Океаниядағы отарларды басып алу мақсатында немістерге қарсы ашық соғыс қимылдарын бастады. Сондай мақсатта, бірақ әлдеқайда үлкен шығынмен Африкада француз, британ мен бельгия әскерлерінің контингенттері әрекет етті.

Соғыс Теңізде де өршіді. Ағылшындар Германия мен оның одақтастары айналасында тығыз қоршау құруды мақсат етті; Немістер тиісінше бұл қоршауды және одақтастардың бейтарап мемлекеттермен саудасын бұзуға тырысты. Қызық болғанда, соғысқа дейінгі ағылшындарға маза бермеген немістердің су үсті кемелері соғыс кезінде өте аз қолданылды.

Германия крейсерлерін емес, өзінің сүңгуір қайықтарына сенді. Олар жау экономикасын әлсіретіп, халықтың соғысты жалғастыруға деген ынта-жігеріне күйзелтуі тиіс еді. 1917 ж. басында Германия шексіз су асты соғысының бастайтындығы туралы жариялады. Бұл өз кезегінде көп ұзамай Англиямен сауда байланысы бар АҚШ-ты Антантаға қосылуына әкелді. Американың күшті экономикалық потенциалы Германияның жағдайын қиындатты, бірақ американдық әскердің лек-легімен еуропалық құрлыққа келіп түсуіне әлі бір жыл керек еді.

Шексіз адами және материалдық ресурстарды сорып бітірген соғыс соғысқа қатысқан мемлекеттер мен қоғамдарды түбегейлі өзгерткен революциялық күшке айналды. Оны жүргізу үшін бірде бір мемлекеттің қажетті қаражаты болмады; үкіметтер қаржы дефицитін халыққа облигация сату арқылы толтыруға тура келді. Барлық халыққа үлкен ауыртпалық



болып түскен заимдар ұлттық валюталардың құнсыздануына әкелді. Соғыс қару-жарақтарын шығару экономиканы орталықтандыруды талап етті; соғысушы тараптардың үкіметі өндірісті соғыс жағдайына бейімдеу мақсатында ірі өнеркәсіп иелері мен мемлекеттік шенеуніктер неше түрлі комитеттер ұйымдастырды. Сол сияқты ақпаратты қадағалау үшін және пацифистер мен соғысты сынайтындардың үнін шығармау, бюрократтар мен негізгі БАҚ иелерінен үйлестіруші кеңестер құрылды. Бірқатар елдерде халықтың азаматтық құқын қорғайтын заңдардың жұмысы уақытша тоқтатылды; «жауға бүйрегі бұрды» деген айыпқа ілінген қауымдар қатты қудалауға ұшырайтын болған. Мысалы, Ресейдің шегара губернияларында өмір сүрген 1,5 млн. аса еврей күштеп елдің ішкері аймақтарына көшіріліп, жан-жақтан ағылған босқындармен азық-түлік дағдарысын одан да бетер шиеленістірді. Анадолиялық армяндардың тағдыры тіптен аянышты болды. Жүз мың армян Сирия құмы арқылы «өлім жорығы» кезінде түрік солдаттары мен күрд жасақтарының шабуылы және шаршап шалдығып аштан өлді.

Өндірістің сан есе өсуінде болсын немесе бейбіт халықты алапат зорлық-зомбылыққа ұшыратуда болсын мемлекет өзі үшін қоғамды қалыптастыру мен пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Өмірдің барлық салаларына еніп, мемлекет жүргізген жаппай мобилизация соғыстың жаңа бейнесін – жаппай (тотальдық) соғысты құрады.

Жаппай соғыс әсіресе Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғысты сипаттайтын соғыс қимылдары. Қарсылас мемлекеттер бейбіт тұрғындарын және қолдарында бар бүкіл ресурстарын жеңіс жолына жұмылдырды; соғыс уақытындағы саясат дұшпан тарапының әскери күштері және олардың экономикалық инфрақұрылымы және әлеуметтік құрылымдарын бүлдіру мен жоюға бағытталады.

Соғыстың дүниежүзілік деп аталуы оның майдандарының географиялық тұрғыда шашыраңқы болғанынан ғана емес, сонымен қатар, ол бүкіл әлемнің тағдырын анықтайтын күрес болды. Қарап отырсаңыз, сол соғыстың зардаптарынан Ресейде империясында басталған революция да дүниежүзілік деңгейде өтуі тиіс еді. 1917 ж. 27-ақпанда патша өкіметінің құлауы кейінгі қарсы тұрудың бастамасы ғана еді. Патша бұғауынан босап, республиканың еркін тынысымен демін алған алып мемлекет бір мезетте бір-бірін түсінбейтін әртүрлі тілде сөйлеп кетті. Буржуазиялық уақытша өкіметті құрған либералдар қалалық кеңестер, әскери комитеттер, ұлттық ассамблеялар сияқты қосарланған өкімет органдарының пайда болуына қарсы тұра алмады.

Осы ұйымдардың ішінде тек большевиктік партия өзінің жігерімен және радикалдығымен ерекшеленді. Партиялық күрестің теоретигі В. Ленин басқарған бұл Ресей социал-демократтардың фракциясы қоғамның ең революцияшыл сегменттерге сұрағанын: усадьбаларды қиратып меншікті бөле бастаған шаруаларға жерді, ашыққан жұмысшыларға нан, майданнан қаруын алып, жаппай кетіп жатқан солдаттарға бейбітшілік, өзінің азат болғанын соңына дейін түсінбеген бұратана халықтарға бөлек шығуға дейін өзіні-өзі тану құқығын беруге уәде етті. Бұл партияның күшейюінің кепіліне айналды. 1917 жылы қазанның соңында олар Уақытша үкіметті құлатып, бүкіл билікті өз қолдарына алды.

Өзінің ұстанымдары мен берген уәделеріне сәйкес большевиктер Ресейді біржақты соғыстан шығарып Германия, Австро-Венгрия мен Осман Империясына Балтық бойында, Польшада, Белоруссия, Украина мен Закавказьеңің бір бөлігінде өз тәртібін орнату құқығын берді. Германия және «орталық державалар» деп аталған оның одақтастарымен жасалған Брест-Литовск келісімі империя аумағында ыдырау процесін тездетіп, антибольшевиктік күштердің топтасуына ықпал етті.

Ресейде басталған азамат соғысы «бәрі бәріне қарсы» сипатына ие болды. Бұл соғыстан билікті қалпына келтіру жөнінде нақты іске асатын жоспары бар күштер ғана жеңімпаз болып шыға алатын. Қызық болғанда мұндай күшке кеше ғана заңды билікті талқандауға бастама берегн большевиктер айналды. Соғыс барысында партия қайта түлеп, өзгеріп шыға келді. Ұлттарды азат ету емес, орталықтандыру; шаруаларға жер беру емес, ұжымдастыру; ақыр соңында кеңестік демократия емес, партияның жеке билігі – соғыста жеңіп шыққан партияның жаңа негізгі ұстанымдарына айналды. 1922 жылы Ресей империясының орнына құрылған КСРО атты мемлекеттің негізіне большевиктердің бұрынырақ берген уәделері емес осы қағидалар алынды.



Революцияның және ол бастаған әлеуметтік, саяси және экономикалық тәжірибенің мәні неде екені белгісіз болды. Ал сол Революцияға әкелген соғыстың нәтижелері байқала бастады. 1918 жылдың көктемінде Ресейді соғыстан шығарған Германия қарымта қайтаруда Батыс майдандағы одақтастарға қарсы өзінің барлық әскери күшін салды. Бұл қадам сәтті болмады және 1918 жылдың тамызынан майдан неміс шегарасына қарай шығысқа жылжыды. Шегінген сайын Германияның одақтастары соғыстан шыға бастады: алдымен Болгария, сосын Осман империясы, ақыр соңында қарашаның басында енді өмір сүруін тоқтатқан Австро-венгрияның үкіметі бітім туралы сұрай бастады. Күзде Германияда жұмысшылар мен әскерилердің ереуілдері революцияға ұласып, кайзер Вильгельм II Нидерландыға бас сауғалап кетуге мәжбүр етті. Монархсыз қалған Германия бітімді сұрап, оған 11 қарашада Компьон орманында қол қойылады.

Әлсіреген бірақ соғыстан қажымаған Германияға қатысты жеңімпаз мемлекеттер оның тез арада қайта қалпына келуге кедергі жасайтын шараларды қабылдады. Германия Барлық отарлардан және Еуропадағы кейбір территориялардан айырылып қана қоймай, соғысқа «кінәлі» тарап ретінде соғыс шығындарын өтеу үшін үлкен репарациялар төлеуге мәжбүр болды. Оның әскері 100 мың адамға дейін қысқарды. Сонымен қатар, оған заманауи қару-жарақты шығаруға – танкі, белгілі бір типтегі кемелерді, химиялық қаруды т.б. шығаруға тыйым салынды.

1919–1920 жж. Париждың әр тұсында қол қойған және «Версаль жүйесінің» негізін қалаған бейбіт келісімшарттарға қандай баға беруге болады? Мысалы, біршама дұрыс негізделген халықтардың өзін-өзі басқару қағидасы этникалық тұрғыда біркелкі аймақтарда қолданылды. Картада пайда болған мемлекеттер аты бойынша ғана «ұлттық» еді; іс жүзінде олардың әрқайсысында елеулі этникалық азшылықтар өмір сүрді. Мысалы, поляк еместер Польшаның үштен бірін құрады, чехословак еместер шамамен жартысын, Румынияда румын еместер елдің 30%-ын құрады. Әрбір үшінші венгр Венгриядан тыс аумақта өмір сүрді. Австрияның тұрғындарының көбі өздерін неміс Heimat-ынан бөлініп қалғанын сезінді. Шығыс және Орталық Еуропаны ұлттық мемлекеттерге бөлінген Батыс Еуропаның жалғасы ретінде санаған Антанта дипломаттары кәрі құрлықтың астына кез келген уақытта жарылуға дайын бомба қойып кетті.

Версаль жүйесін жасағандар Германия пен Ресейге қатысты саясатының салдарлары болашақта бұдан да зор болар еді. Германияның экономикалық тұрғыда тез қалыпына келтірудің орнына одақтастар оны белшеден қарызға батқан және индустриалдық өндірісіке әртүрлі шектеулермен шектелген Германияны қалады. Мұндай жағдай тек Германияны ғана емес, бүкіл құрлықтың қалпына келуіне кедергі болды. Территориялық шығындар мен тәуелсіз мемлекеттің қарулы күштеріне қатысты ар-намысты қорлайтын шарттар халықтың ашуын тудырмауы мүмкін емес еді. Осы арқылы әртүрлі «құрбандық» нарративтеріне негіз қаланды.

Ресейдің стратегиялық мүдделерімен мүлдем санаспау, КСРО-ға қарсы оқшаулануы саясатын қолдану оның халықаралық жүйеге қосылуына кедергі болды. Нәтижесінде КСРО мен Германия соғыстан кейінгі реттеудің негізгі шарттарын радикалдық тұрғыда қайта қарауды талап етпеуі мүмкін емес еді. Сондықтан олардың сыртқы саясаты әлемде Антанта мүдделеріне қарсы бағытталғаны таңғалдырмайды.

Соғыс 15 милл дейін өмірді жалмады. Ол аяқталғанға дейін әлем мен Еуропаны «испанка» деп аталынған тымаудың қауіпті пандемиясы таралды. Бір жылдың ішінде оның құрбанына 40 миллион адам айналды. Мұндай екіжақты катастрофа адамдарды соғыстан шошындыруы, оларды соғысты «халықаралық саясаттың құралы» ретінде пайдаланудан бас тартуға итеруге тиіс еді. Бұны Париж конференциясының негізгі қатысушысы АҚШ президенті Вудро Вильсон жетекшілікке алып, халықаралық дауларды шешу мақсатында «Ұлттар Лигасын» құру қажеттігін ұсынды.

Бірақ мәңгі есте қалған жан түршігерлік адам шығыны да, президенттің идеалдары да жүйенің қарама-қайшылығын шеше алмады.